

«Жалтыр негізгі мектебі» КММ

2021-2022 оқу жылы тәрбие жұмысы бойынша аналитикалық анықтама

Анықтама 2021-2022 оқу жылына арналған бағдарламаны негізге ала отырып, тәрбие жұмысының негізгі 8 бағыты бойынша құрастырылды.

Тәрбие жұмысы мақсаты: рухани бай, моральды таза, дене бітімі жетілген, бәсекеге қабілетті, прагматизмді, ұлттық сәйкестікті, білімнің табынуын, эволюциясы мен сана-сезімінің ашықтығын, әлеуметтік рөлдердің жүйесін толықтай орындауға қабілетті, ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Мектепте тақырыптық іс-шаралар жүйелі түрде іске асып отырды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА БІЛІМ БЕРУДІ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДЫҢ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТӘРБИЕ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫНА СӘЙКЕС ОҚУ- ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІ БІЛІМ БЕРУДІҢ БАРЛЫҚ ДЕҢГЕЙЛЕРІНДЕ БІРЫҢҒАЙ ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ТӘСІЛДЕРІН ҚҰРУ АЯСЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ ЖОСПАРЛАНЫП ЖАСАЛУДА

Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрдегі бірлескен жұмыс.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруды ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;
- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;
- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін-өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.
- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана-сезімін жаңғыртуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

1. Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының

өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

2. Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.
3. Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.
4. Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.
5. Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ эволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.
6. Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.
7. Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.
8. Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.
9. Балалар мен жастардың бойында Қазақстанға сырттан енуші этнодіни экстремизм мен түрлі радикалды ағымдарға қарсы әрекет ете алатын дағдылар қалыптастыру.
10. Патриотизм кіндік қаның тамған жеріңе, өскен аулыңа, қала мен өңіріңе, яғни туған жерге деген сүйіспеншіліктен басталады. Туған жерге, оның мәдениетіне, салт-дәстүріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі, ұлт ететін мәдени-генетикалық кодтың негізі.

Күтілетін нәтижелер:

Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері:

- Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмды, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін;
- Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілі мен мемлекеттік тілге және этномәдениетке құрметі;
- Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді;
- Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді;

- Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын;
- Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды;
- Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғары деңгейін;
- Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан-2050» Стратегиясының басты мақсаты – Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған.

Іске асыру тетіктері:

- Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламалары мен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады.

Орта білім беру ұйымында тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

10)ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

ТӘРБИЕНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ:

Тәрбие жұмысының негізін жалпыадамзаттық құндылықтар (*сенім, ақиқат, әсемдік, бостандық, қайырымдылық, жақсылық, махаббат, және т. б.*) және ұлттық құндылықтар – (*тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр*) құрайды.

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;

Мақсаты: балалар мен жастардың патриоттық сана-сезімі мен өзіндік сана-сезімін қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауды тәрбиелеу, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, олардың құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарас.

2. Рухани-танымдық тәрбие;

Мақсаты: жеке тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын қайта құру туралы қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарына, нормалары мен дәстүрлеріне сәйкес келетін "Рухани жағырудың" құндылық негіздері туралы терең түсінік қалыптастыру; "Өзін-өзі тану" негізінде рухани-адамгершілік тәрбие беру.

3. Ұлттық тәрбие;

Мақсаты: жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, мемлекеттік тілге, Қазақстан халқының мәдениетіне құрмет көрсетуге бағыттау.

4. Отбасылық тәрбие;

Мақсаты: неке және отбасы мүшелерін құрметтеу құндылықтарын тәрбиелеу; отбасылық культ; толыққанды отбасын құру үшін денсаулық құндылықтары; отбасы мен достарына деген адалдық; отбасылық дәстүрлер; жәдігерлер мен әдет-ғұрыптарды құрметтеу; ана болудың қасиеттілігі; сезім құндылықтары - сүйіспеншілік, адалдық, достық, ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігі мен балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыру.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;

Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы қатынасты қалыптастыру, жеке тұлғаның экономикалық ойлауы мен экологиялық мәдениетін дамыту, қайталанбас құндылық ретінде табиғатты сүю; кіші Отан ретінде туған табиғатқа деген сүйіспеншілік.

6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбие;

Мақсаты: әр адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті, соның ішінде балалардың кибер мәдениеті мен кибер гигиенасын дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие;

Мақсаты: Жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде "Ұшқыр ой алаңы" мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы" жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын

іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құру, эстетикалық талғам мен сезімнің эстетикалық санасын, халықтардың ұлттық мәдениеттері құндылықтарына көркемдік-эстетикалық сезімталдықты қалыптастыру.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру;


Мақсаты: салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене шынықтырудың құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастыру.

Тәрбие ісі бойынша жұмыстардың сапасы:

Оқушылармен, ата-аналармен тәрбие жұмыстары ұдайы жүргізіліп отырады. Жалпы Жалтыр негізгі мектебінде, 2021-2022 оқу жылында –41 оқушы мектепте оқиды. «Мектепке жол» акциясы жүзеге асады. Аудандық білім бөлімінің жалпы оқу қорынан, мектеп ұстаздары және ауылымыздың жеке кәсіпкерлері көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларға кеңсе тауарларын, мектеп формасын сатып алып, көмек көрсетті. Тәрбиелік іс-шаралар нәтижесін көру үшін, біз өз алдымызға мынадай мәселе қойдық: *Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру.*


1. Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бойынша

Тәуелсіздікке-30 жыл толуына орай, «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында 1-9 сыныптарға сынып жетекшілер тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, ҚР Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру. Сынып сағаттары әр оқушыға қызықты әрі танымды болды. Тәуелсіз Қазақстан тақырыбын қамтитын сұрақтарға жауап бере отыра, тарихи оқиғалардың маңыздылығын түсініп, Отанына деген сүйіспеншіліктерін арттыра түсті, бойларына патриоттық сезім қалыптастырды. Сонымен қатар танымдық қабілеттерін, интеллектуалды білімдерін дамытты. «Тәуелсіздікке тағзым» атты кітаптар көрмесі ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік жетістігі» тақырыбында Whatsapp желісі арқылы №5517 Орал әскери бөлімі ұлттық ұланның командирі подполковник С.А.Алкайдаровпен онлайн кездесу өтті




Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында үгіт-насихат жұмыстары үзбей жүргізіліп отырады. «Қауіпсіз мектеп автобусы» республикалық акциясы аясында «Жол тәртібін білеміз» атты сынып сағатында 4 – сынып оқушылары жол белгілерін жақсы танытынын көрсетті, тақпақтар айтып, жұмбақтар шешті, викториналық сұрақтарға жауап беріп жарысты. 1-2- сынып оқушылары жолда жүру ережелеріне суреттер салды. 3- сынып оқушылары көшеде тәртіп сақтап жүреміз деген мағынада тартымды флешмоб


ұйымдастырды. 8- сынып оқушыларымен «Жол ережесін біліп жүр жасөспірім» атты сынып сағаты өткізілді.




Мектеп қабырғасындағы қажетті ережелердің гигиеналық талаптарына қарай өзгеруіне байланысты жаңа жағдайларға орай «Мектеп ережесін сақтайық!» атты сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Мектеп туралы ұғымдарын тереңдету. Мектепке деген сүйіспеншіліктерін ояту. Ойын арқылы өз ойларын еркін жеткізе алуға дағдыландыру, ой-өрісін кеңейту, сөздік қорларын молайту. Болашақ мектеп туралы арман қиялдарын ұштау, алтын ұя мектебін құрметтеуге, қадірлеуге тәрбиелеу. "Қауіпсіз мектеп ортасы" республикалық акциясы аясында "Қауіпсіз балалық шақ" атты сурет байқауы онлайн режимінде ұйымдастырылды. Жеңімпаздар мақтау қағаздарымен марапатталды.




Қазіргі уақыттағы актуалды проблемаға айналған зорлық- зомбылыққа қатысты оқушыларға мектеп психологы сауалнама өткізді. Сауалнама негізінде отбасы тарапынан зорлық- зомбылық көрген оқушылар жоқ. Сонымен қатар 9- сынып оқушыларымен «Тұрмыстық зорлық –зомбылықсыз Қазақстан» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға зорлық- зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша учаскілік инспектор Ұ.Қ.Муканов оқушылармен кездесу ұйымдастырды.



«Экстремизм мен терроризмге жол жоқ!» тақырыбында арнайы апталық жоспары құрастырылды. Сынып жетекшілер өз сыныптарына «Терроризм және экстремизм оның зардаптары» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. Мақсаты: Оқушыларға терроризм туралы терең түсінік беру, оның түрлері, себептері мен зардаптарын ұғындыру. Жасөспірімге қоғамның әлеуметтік, құқықтық, діни сипаттарын ұғындыра отырып, оларды террорлық, лаңкестік және діни экстремистік бағытта арандатуға жол бермеу. Жасөспірімдерге бейбітшіліктің маңызын және мейірімділік пен ізгіліктің, адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстанымы екенін ұғындыру. «Терроризм мен экстремизмнің алдын алу» тақырыбында мектеп оқушыларымен қойылым ұйымдастырылды. Барлық оқушыларға қызықты әрі танымды болды. Қажетті жағдайда өздерін қалай ұстау керктігін жете түсінді. 7-9 сыныптарында «Біз терроризмге қарсымыз» атты сынып сағаты өткізілді.



«Тәуелсіздік –орындалған арман. Қазақстан жолы» атты мерекелік кеш өтті. Концертте жоғары сынып оқушылары патриоттық әндер айтып, бастауыш сыныптар әдемі қазақ билерімен таң қалдырды. 4-сынып жетекшісі Қапизова Л.Қ.Тәуелсіздік күніне орай "Елдіктің бастауы" атты деректі фильм бойынша сынып сағаты өткізді. Іс-шара интеллектуалды ойын түрінде жалғасын тапты.Фильмнен оқушылар Елбасының демографиялық мәселелерді шешу, этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе беруі жайлы баяндағанын көріп, ойларын постерге түсірді. Дебат жетекшісі мен мүшелері «Жемқорлықтың дамуына әсер ететін факторлар мен себептер» тақырыбында дебат ұйымдастырды. Дебат өту барысында өте тартысты пікірталас болды. Мектептің аға тәлімгерімен 8-9 сынып оқушыларымен «Бүкіләлемдік Азаматтық қорғау күні» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді.



«Тарихқа тағзым күні». Мектептің музейіне саяхат. Танымдық сағат өткізіліп, музейге көрме жасалды. Оқушыларға көне заттардың тарихы мен жасалу түрлері өте қызықты болды. Сонымен қатар қазақ халқының ұлттық аспаптарының тарихымен танысып, танымдарын кеңейті.




«Игі істер күні» еріктілер тобы зейнеткерлерге аулаларын қардан тазалауға, отындарын үюге көмек көрсетті.

«Қош келдің, Наурыз!» Мереке барысында игі тілекпен әндете келген жарапазаншыларды, Қыдыр атаны қарсы алып, төс түйістіріп, «Көрісу», «Наурыз төл», «Наурызкөк», «Наурыз шешек», «Наурызша» наурыз белгілерімен танысып, Наурыздың ақ қарындай бір-біріне тілектер арнады. «Наурызнама»- шат шадыман ойын – сауық тойда ұлттық ойындар ойналып, Наурыз көжеден дәм татып, Қыдыр ата «Наурыз құтты болсын! Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!»-деп батасын берді.

«Ұлттық тағамдар күнінде» оқушылар қазақ халқының ұлттық тағамдары жайлы көп мәлімет жинап, айтып берді.




Халықаралық бірлік күніне арналған іс-шаралар өтті. «Біз бәріміз өзгешеміз, бірақта біз біргеміз» мерекелік концерт, «Бірлігі пен ынтымағы жарасқан халықпыз» атты тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатында түрлі халықтың ұлттық киім киген оқушылар ұлттар арасындағы достық, бірлік жайлы өлең, тақпақтар айтты, ұлттық билер биледі. 4- сынып оқушылары «Көпұлтты Қазақстан» атты зерттеу жұмысын өздері жасап, таныстырылым дайындап, біраз қызықты ақпараттармен өзара бөлісті.



2. Рухани-адамгершілік тәрбие

«Мектепке жол», «Мектепке жиналуға көмектес» және «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы аясында әлеуметтік педагог жағдайлары төмен оқушыларды анықтады. Тізімдері бекітіліп, демеушілер тағайындалды.

1 қазан - Қарттар күніне арналған «Өз жүрегіңмен жылыту» Қайырымдылық акциясы аясында оқушылар қарт адамдардың үйіне барып көмектесті. Ауласын жинау, отын тасу немесе өздері сұрайп айтқан жұмыстарын орындап, қол ұшын тигізді. «Қарттарым-асыл қазынам» атты тақырыпта тәрбие сағаттары өткізілді. Мақсаты: оқушылардың бойына халқымыздың қадір-қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлай білуге, өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға тәрбиелеу. «Жылулық бала қолымен» акциясы аясында педагогикалық еңбектің ардагерлеріне оқушылар бірлесіп көмек көрсетті.



15 қараша-Ұлттық валюта күні «Теңге – Тәуелсіздік келбеті» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді. Сынып сағаттарының мақсаты: Қазақстанның ұлттық ақшасына көшу тарихы, оның маңызын түсіндіру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Жаңадан айналымға енген ұлттық валюта, оны енгізудің қажеттілігі, безендірілуі туралы кеңірек таныстыру. Оқушылардың


ақша туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту. Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту.

Бастауыш сынып мұғалімдері "Қазақтың ұлттық ойындары" атты іс-шара өткізді. Баланың рухани жетілуі үшін ұлттық ойынның маңызы зор. Қазақтың ұлттық ойындары ерлікті, өжеттілікті, батылдылықты, дененің шынығуын қажет етеді, баланы еңбекке деген қарым-қатынасы мен ойлау қабілеттерін артады. Іс-шараның мақсаты: баланы шымыр да епті, алғыр да тапқыр болуға тәрбиелеу. Мысалы, ол «Айгөлек» ойыны, ал мергендік қабілетін жетілдіру үшін «Жамбы», «Қасқыр қақпан» ойындары қызықты өтті. Колдап, өз көзқарастарын, фактілерін қорғады. «Жырлайды жүрек» М.Мақатаевқа арналған 5-9 сыныптары арасында әдеби-сазды кеш Қазақ тілі пәні мұғалімінің жетекшілігінде өткізілді. Оқушылар бір-бірімен М.Мақатаев туындыларын жаттап, мәңгерлеп айтуда сайысты.




3. Ұлттық тәрбие

5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесін ұйымдастыру мақсатында Қасым Аманжоловтың 110 жылдығына орай «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» «Өзге емес, өзім айтам өз жайымда» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Қасым Аманжоловтың өмірімен танысып, тілдік маңыздылық анықталды. Қазақстан халқы тілдеріне арналған іс-шаралар жоспарына сай көптеген іс-шаралар өткізілді. - 4 –сыныптың оқушылары орыс ұлтының «Кадриль» бии, Мәнерлеп оқу сайысы өтіп, оқушылар грамотамен марапатталды. Бастауыш сыныптардың оқушылары қызықты сайыстардан ерекше әсер алды. Жоғары сыныптарда зияткерлік ойындар «Тіл – татулықтың тірегі», «Қазақ атын танытқан үш тұғырлы тіл» ойындары тартымды өтті. «Өзге тілдің бәрің біл, өз тіліңді құрметте» Әр түрлі тілде ән айту, «Мемлекеттік тіл-менің тілім» мәнерлеп оқу сайысы, 5-6 – сыныптар «Қазақ атын танытсын үш тұғыр тіл» қабырға газетін шығарды. Сонымен қатар «Ана тілің- арың бұл тақырыбында эссе жазды.



«Мәңгілік Елдің мызғымас 7 негізі» тақырыбында дебат мүшелері пікірталас ұйымдастырды. Пікірталас уақытында көп жаңа мағлұматпен оқушылар танысты. Өздерінің білімдерін ұлғайта түсті. Мектеп оқушыларымен «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында ақпараттық сағат өткізілді. Көркем еңбек пәні мұғалімі «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» сән – апталығын оқушылар мен мұғалімдер арасында өткізді. Бір апта бойы мұғалімдер сабаққа бір ұлттық атрибутикасымен келіп жүрді, ал оқушылар қамзолдармен сабаққа келді. Негізгі мақсат: ұлттық киімге деген сүйіспеншілікті ұялату, сонымен қатар қазақилыққа тәрбиелеу.




4. Отбасы тәрбиесі

«Отбасы-бақыт мекені» «Менің отбасым» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары суреттер салды, кейін ең әдемі суреттер тандалып көрме жасалды. Алған суреттерді талқылауға мектеп психологы алып, талдады. Талдау нәтижелерін сынып жетекшілермен бөлісті. Мақсаты: отбасылық проблемаларды анықтау, отбасындағы бала ролін анықтау болды. Ерекше әдемі суреттерді салған оқушылар мадақтамалармен марапатталды.

1-4 сынып оқушыларымен сынып жетекшілер «Әкеге-ізет, анаға – құрмет» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды. Мақсаты: Әке мен анаға деген құрметті қалыптастыру. Ата- ана ролін айқындау болды. Отбасындағы қарым - қатынас мәдениеті туралы түсінік беру, отбасы-Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында фотоколлаж «Отбасым- асыл қазынам» , «Бақыт отбасынан басталады» атты тамаша бейнероликтер дайындалды.




«Шаңырақ» жобасы аясында «Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем» тақырыбында 5-9 сыныптарымен мектеп психологы әңгіме, кеңес өткізді. Оқушылардан алдымен сауалнама алынып, талдау жасалды. Әңгіме уақытында оқушылар ашық өздерінің ойларын білдірді. Бақытты отбасы моделі жасалды.




5. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі.

Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына қарасты «Кел, балалар, оқылық!» атты челлендж ұйымдастырылды. Қазақ әдебиеті мұғалімі Ы.Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы мен таныстырды. Сынып жетекшілері мен «Жас Ұлан» ұйымы әр сыныптан үздік мәнерлеп оқитын оқушыны тағайындап, мектеп бойынша жарыс ұйымдастырды. Мектеп кітапханашысы барлық оқушыларды оқу жылдамдығымен жарыстырды. Жеңімпаздарды линейка жасап, мадақтамалармен марапаттады. Аға тәлімгер жоғары сынып оқушыларымен «Көшбасшы - 2021» Зияткерлік байқауын ұйымдастырды. Байқауда әр сыныптан екі оқушыдан белгіленді. Әр номинациялармен сұрақтар дайындалды. Командалар ұяшықтарды тандап, сұрақтарға жауап берді. Мектеп программасынан барлық пәндер болды. Білім деңгейі барлығының жететін 5- сынып программасынан алынды. Әділ қазы алқасы тағайындалып, баллдармен бағаланды. Жеңімпаздар сыйлықтармен және мадақтамалармен марапатталды.



Мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Жылдың үздік сыныбы» атты барлық сыныптарға арналған байқау ұйымдастырылды. Байқау мақсаты таза әрі білімді сыныпты анықтау. Оқушыларға байқау шарттары ұсынылды. Әр сынып бір жұма уақытында әдемі форма киіп, кабинетін тазалықта ұстап, жақсы білім деңгейлерін көрсету болды. Байқау біткесін сыныптар марапатталып жақсы сыйлықтар берілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Бірге кітап оқиық!» атты мектеп кітапханашысы 5-9 сыныптар арасында эстафета ұйымдастырды. Эстафета мақсаты: оқушыларды оқуға және кітапқа құлшынысын ояту, әлеуметтік желіден гөрі кітаптан пайдалы білім алуға көмектесу. Барлық оқушылар белсене қатысты. Оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту жөніндегі жоспарға сай 3-сынып оқушысы, оқу озаты сабақтан тыс бос уақытында «Кітап-білім қазынасы» тақырыбында дайындаған өзінің қысқаша жұмысын ұсынады. Кітапханада оқушылар көркем әдеби шығармалар, қызықты ертегілер мен сабаққа қажетті, қосымша деректерді жиі алып тұрады. Сонымен қатар сабақ барысында, әдеби оқу сабақтарында 3-7 минут «ызылдап» оқу жүйелі енгізілген.



6. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие


«Таңғажайып, алтын күз!» тақырыбында күзгі балл өткізілді. Оқушылар мерекелік концертте бар өнерлерін ортаға салды.

«Баршаның назарына» дабылы атында дабыл қағылған кездегі халық әрекет ету тәртібін дене шынықтыру мұғалімі мектеп оқушыларына түсіндірді. Мақсаты: әлемдегі жағдайға байланысты, осындай жағдайда әр оқушы өзінің ұстай білуі қажет, дереу уақытта білімін арттыру.


«Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер» тақырыбында тарих пәнінің мұғалімі 5-7 сыныптарымен онлайн – викторина ұйымдастырды. Викторина мақсаты: батыр қыздарымызды білу, отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Оқушылар аса қызығушылықпен викторинаға қатысты. Көп мәліметті білді, өздерінің ойларымен бөлісіп, білімдерін толықтырды.

«ЭКОstart» жобасы аясында «Табиғат тамашалары» тақырыбында 5-6 сыныптар арасында суреттер байқауы өтті. Табиғаттың бар әсемдігін, бар кереметін сөзбен де, жазумен де жеткізу оңай емес. Табиғаттың керемет көрінісі жаныңды тебірентеді.

Экологиялық білім берудің жалпыреспубликалық апталығы аясында 3-сынып оқушыларына " Біздің аймақтың табиғатына қамқорлық" тақырыбында фотоконкурс ұйымдастырылды. Мақсаты: қоршаған ортаны қорғау, аялау. Оқушылар туған ауылы Жалтырдың әсем табиғатын, көрікті жерлерін суретке түсірді. "Галереяға саяхат" жасап, бір-бірінің жұмыстарын тамашалады.



«Жасыл Ел» жобасы аясында «Мектеп жанындағы үлсекідегі жұмысты ұйымдастыру» үшін 3-9 сыныптарымен қоса мектеп ұжымы мектеп ауласын жинады. Бұл жұмыстар оқушыларды еңбекқорлыққа тәрбиелеп, тазалықты ұсауға баулиды.




7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие


«Жас Ұлан» ұйымы ұйымдастыруымен 5-7 сыныптармен «Біз өнерлі жастармыз!» тақырыбында флешмоб өтті. Флешмоб кезінде әр түрлі елдердің билері қатыстырылды. Сол арқылы оқушылар басқа елдердің мәдениетімен танысты.

Жаңа-жылдық шырша мерекелік іс-шара өткізілді.

«Өнегелі бір сағат» жобасы аясында «Адам бойында бәрі де әдемі, сұлу болуға тиіс» тақырыбында 8-сынып қыздарымен педагог –психологпен кеңес өткізілді. «Әлем бесігін тербебетін жан-АНА» тақырыбында 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай мерекелік іс-шара өтті. Оқушылар мұғалімдерге откриткалар қолдан жасап, табыстады. Әдемі бимен, әнмен мұғалімдерді қуантты. 8 – наурыз мейрамына қабырға газеті әзірленді,сурет сайысы өтті, концерттік бағдарлама дайындалды.



«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» 1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекелік концерт өтті. Әр сыныпта сынып сағаттары өтті. Мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін оқушыларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүйуге, қорғауға тәрбиелеу. Біздің елімізде тұрып жатқан басқа да халықтардың озық мәдениетін, өзіндік үлгі - өнегесін оқушылардың бойына сіңіру.



8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында «Дені сау ұлт» тақырыбында мектеп медбикесі 1-9 сыныптарға слайд- сабақ өткізді. Оқушыларға сұрақтар қойылып, оқушылар өз пікірлерін білдірді.




«Дұрыс тамақтану-үздік білім алудың жолы!» тақырыбында дене тәрбиесі пәні мұғалімі және әлеуметтік педагог онкүндікті өткізді. Онкүндікте әр сыныпта дұрыс тамақтану бойынша сынып сағаттары өткізілді. Дене шынықтыру мұғалімі спорттық жарыс ұйымдастырды. Жеңімпаздар марапатталды. Дене тәрбиесі пәні мұғалімімен «NO SMOKING DAY» шылым шегуге қарсы! тақырыбында 1-9 сыныптар арасында акция өтті. Акция барысында шылымның зияндылығы және денсаулыққа әсері бойынша айтылды.



«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» (Үздік спортшыларды анықтау) спорттық сайыстар 1-9 сыныптармен өткізілді. Әр түрлі бағытта қандай оқушылар озат екендігі анықталды. 5-9сынып оқушылар арасында Тоғызқұмалақ, Бес тас, Шахматтаң мектепшілік турнир ұйымдастырылып өткізілді. Жеңімпаз және жүлделі орын алған оқушылар грамоталармен марапатталды. Халықаралық нашақорлыққа қарсы бейнеролик дайындалды.

«Жас Ұлан» ұйымы мен дене тәрбиесі пәні мұғалімі «Отбасылық эстафеталық ойындар» ұйымдастырды. 5-6 сынып оқушыларының ата-аналары өте белсенді қатысты. Эстафета мақсаты отбасылық құндылықтарды ұғындыру, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсарту.



2021-2022 оқу жылында оқушылардың жеткен жетістіктері:

1. **Төлеміс Назия** 5-сынып оқушысы қазақ тілі мен әдебиетінен 5 - 6 - сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиадасының облыстық кезеңінің ІІ орын жүлдегері, республикалық М.Мақатаев шығармашылығына арналған байқау І орын.
2. **Жаслан Нұрасыл Азаматұлы** 5-сынып оқушысы ІІ дәрежелі диплом Жасөспірімдер арасында бокстан облыстық турнирде екінші орын, 32 кг салмақ дәрежесінде Петропавл, 2022 ж
3. **Арыстан Дінмұхамед Еркебұланұлы** 5-сынып оқушысы ІІ дәрежелі диплом Наурыз мейрамына орай жасөспірімдер арасында бокстан облыстық турнирде 28 кг салмақ дәрежесінде ІІ орын, Новоишимское 2022.
4. **Әбдір Инжу** 4-сынып оқушысы ІІІ дәрежелі диплом ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 1-4 сынып оқушылары арасында «Сені сүйемін, менің Қазақстаным!» атты шығармашылық байқау
5. **Сәбит Айтөре Қырымұлы** 5-сынып оқушысы ІІ дәрежелі диплом Наурыз мейрамына орай жасөспірімдер арасында бокстан облыстық турнирде 28 кг салмақ дәрежесінде ІІ орын, Новоишимское 2022.
6. **Есенова Жұлдыз** 4-сынып оқушысы Гран-при Республикалық М.Мақатаев шығармашылығына арналған байқау
7. **Есілбай Жансая** 4-сынып оқушысы ІІІ дәрежелі диплом «Табиғат- балалар көзімен » атты облыстық қашықтықтан балалар шығармашылығына арналған байқау
8. **Қайыр Айғаным** 4-сынып оқушысы ІІ дәрежелі диплом ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 1-4 сынып оқушылары арасында «Сені сүйемін, менің Қазақстаным!» атты шығармашылық байқау
9. **Маратқызы Нұрдана** 3-сынып оқушысы ІІІ дәрежелі диплом Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған 1-4-сынып оқушылары арасында «Сені сүйемін, менің Қазақстаным» атты облыстық шығармашылық байқауының жүлдегері

